

УДК 657

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН ТАЛДАУ**

**Әбілдабек Толғанай**

[tolganai01.kz@mail.ru](mailto:tolganai01.kz@mail.ru)

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Экономика факультетінің 2  
курс студенті, Нұр - Сұлтан қ. Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі – Б.О.Кайранбеков

Мемлекетті басқарудың орталық органы “Министрлік” деп аталады. Негізінен, министрлік Еуропада 16-17 ғасырларда, ал Ресейде Александр I таққа отырған соң пайда болды. Министрліктің негізгі міндеттеріне келсек, білім алу үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, білім, ғылым, мемлекеттік жастар саясаты саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты, сонымен қатар ғылыми-техникалық қызметті қалыптастыру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, балалардың заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

1999 жылы 13 қазандағы ҚР Жарлығымен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, спорт, білім министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің қайта ұйымдастырылуының нәтижесінде құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылы 16 қаңтардағы қаулысымен мемлекеттік орган болып табылатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комиссиясы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитеті мемлекеттік мекеме ретінде қайта құрылды. Ал, 2004 жылғы 28 қазандағы ҚР қаулысымен министрлік туралы ереже бекітілді. Министрліктің Жоғары аттестациялық комитеті Білім және ғылым саласында аттестациялау жөніндегі комитеті болып қайта құрылып, оған бірнеше функциялар даярлады. Олар: министрліктің бақылау-қадағалау және реттеу функциялары. Негізгі міндеттеріне білім, ғылым және ғылыми техникалық, сондай-ақ білім алушы үшін қажеттіліктерімен қамту, мемлекеттік жастар саясаты саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру, ғылыми зерттеулердің ұйымдастырылуын жетілдіру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және т. б. Менің қарастырып өтетін бюджеттік бағдарлама «Білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру» деп аталады. Негізінен, барлық бюджеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеті ғылым және білім саласын дамытып, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруды жетілдіру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру; білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау түрінде білім беру сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; білім беру бағдарламалары бойынша практикалық және теориялық білімдерін жаңарту сияқты басқа да көптеген міндеттері бар.

Қазіргі таңда бюджеттік бағдарламаның нәтижесінде министрліктің қызметі қамтамасыздандырылды: білім беру және ғылым саласындағы мемлекеттік саясат туралы мақсатты топтардың ақпараттандырылу деңгейін бағалау үлесі 2019 жылы — 75%; балалардың құқықтық қорғалу деңгейі 2019 жылы — 78%, 2020 жылы — 81%, 2021 жылы — 83%; Қазақстандық азаматтардың отбасыларына асырап алуға берілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелер тәрбиеленушілерінің үлесі 2019 жылы — 22%, 2020 жылы — 23%, 2021 жылы — 24%. Осы аталған әрбір мұқтаж ҚР азаматына білім беру және ғылым саласында қамсыздандырылу процесі жүріп жатыр.

Сонымен айта келе, менің қарастырып отырған тақырыбымда аудиттің түрлерін зерттеудің методикалық жағының өте зор маңызы бар. Өйткені аудитті қандай түрлермен жүргізу және олардың әрбір жағдайларда тигізетін әсерлерін анықтауға көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ішкі аудит департаменті 2017 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша 27 мемлекеттік аудит нысанында аудиторлық іс-шара жүргізілді. Аудиттік қамтылған қаражаттың сомасы 46 745,6 млн. теңгені құрады, оның ішіне бұзушылықтар 12% мөлшерінде белгіленді. Бюджет кірісіне қалпына келтіруге және қайтаруға жататын қаражат көлемі анықталған бұзушылықтардың көлемінен 4%-ды құрады.


Аудит нысандарында жол берілген жүйелік бұзушылықтар мен кемшіліктер қаржылық және рәсімдік бұзушылықтар, сонымен қоса мемлекеттік сатып алу туралы заң бұзушылық болып табылады. Анықталған бұзушылықтарды жою үшін есептік кезеңде анықталған бұзушылықтарды жоюға жұмыс тиімділігін арттыру, мемлекеттік аудит нысанының тікелей және түпкілікті нәтижелеріне жету мақсатында ішкі рәсімдерді, ережелерді, бизнес-процестерді жетілдіру бойынша ұсыныстары бар 26 шешім қабылданды, оның ішінде 3 нысанның мерзімі аяқталмады.

Есепті кезеңде қайтарылатын және өтелетін соманың 60%-ы қалпына келтірілді және бюджеттің кірісіне қайтарылды. Сонымен қатар 50 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке және әкімшілік жауапкершілікке тартылды - 2 лауазымды тұлғаға жалпы сомасы 386 мың теңге әкімшілік айыппұл салынды. Тексерудің 2 нысаны бойынша ішкі мемлекеттік аудит материалдары рәсімдік шешім қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жіберілді.

Департаменттің қызметкерлері объектілерде ішкі мемлекеттік аудит жүргізу

барысында ҚР заңнамасының нормаларын қолдану жөнінде консультативтік және практикалық көмек көрсетеді. Бұдан басқа, Департамент тұрақты және жүйелі түрде анықталған бұзушылықтарды жоюға бағытталған шешімдерді орындау жөнінде мониторингті жүзеге асырады.

Келесі 1 суретте ҚР-дағы 2016-2019 жылдар аралығындағы ішкі мемлекеттік аудит іс-шараларымен қамтылған мекемелер саны берілген.



Сурет-1. ҚР-дағы 2016-2019 жылдар аралығындағы ішкі мемлекеттік аудит іс-шараларымен қамтылған мекемелер саны


ҚР БҒМ Ішкі аудит департаменті 2016 жылы 12 айдың қортындылары брйынша мемлекеттік аудиттің 24 объектісіне аудиторлық іс-шаралар жүгізілді. Аудитпен қамтылған қаражаттардың жалпы көлемі – 94 778 800,0 мың теңгені құрады. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 2 226 100,0 мың теңгені, оның ішінде:

- ағымдағы шығыстар бойынша бұзушылықтар 906 700,0 мың теңге соманы;
- мемлекеттік сатып алулар туралы заңнаманы бұзушылықтар жалпы сомасы 113 800,0 мың теңгені;
- бухгалтерлік есепті жүргізуді бұзушылықтар жалпы сомасы 76 700,0 мың теңгені;
- өзге де бұзушылықтар жалпы сомасы 470 500,0 мың теңгені;
- мемлекеттің активтерін басқару және пайдалану кезінде заңнаманы бұзушылықтар жалпы сомасы 694 400,0 мың теңгені құрады.

Бұзушылықтардың жалпы сомасынан:

- бюджетке қайтаруға – 97 200,0 мың теңге, толық көлемде қайтарылған – 74 600,0 мың теңге;
- бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтіруге – 22 700,0 мың теңге жатады.

Келесі 2 суретте ҚР-дағы 2016-2018 жылдар аралығында өткізілген аудиторлық іс-шара нәтижелері көрсетілген.




Сурет-2. ҚР-дағы 2016-2018 жылдар аралығында өткізілген аудиторлық іс-шара нәтижелері

Үстіміздегі жылғы есепті кезең ішінде аудит объектілеріне анықталған

бұзушылықтарды жоюға 24 шешім жолданды, олардың 3-еуі бойынша орындау мерзімі келген жоқ. Қалған объектілер бойына тәртіптік жауапкершілікке – 48, оның ішінде:

- ескерту – 29;
- сөгіс – 15;
- қатаң сөгіс – 2;
- еңбек шартын бұзу түрінде – 2 лауазымды адам тартылды.

2019 жылы ҚР БҒМ Ішкі аудит департаменті 13 мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шара жүргізді және оның ішінде 2 объекті бойынша материалдар іске асыру сатысында тұр. Тексеру нәтижелеріне байланысты бұзушылықтар 1,8% мөлшерінде анықталды, осыған сәйкес оның ішінде қаржылық бұзушылықтар – 4%-ды құрайды. Есеп беру кезеңінде бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды қарау үшін аудит объектілеріне 11 шешім жіберілді. Мемлекеттік аудит объектілері қалпына келтіріліп, өтелетін соманың 92%-ы қалпына келтірілді және 28 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.



Сурет-3. ҚР 2016-2019 жылдар аралығында қаржылық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапқа тартылғандар

Қорыта келе, ішкі істер органдарының бюджеттік бағдарламаларының тиімділігін бағалау түпкілікті мақсатқа қол жеткізу дәрежесін, бюджеттік бағдарламалардың күтілетін нәтижелері мен индикаторларын, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін оларды іске асыру мерзімдері бөлігінде, республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару кезінде тиімділік пен нәтижелілік қағидаттарын сақтау үшін жүргізіледі. Осыған орай, Ішкі істер министрлігінің бюджеттік бағдарламалары, белгілі бір салаға байланысты бөлінген қаржы көздерінің дұрыс жұмсалуды жоспарлау мақсатында әзірленеді. Сонымен қатар, жоғарыда көрсетіп кеткендей, бағдарламалар негізінде көптеген бюджет білім және ғылым саласында жүргізілген жұмыстар барысына байланысты бөлінген және ол өз қызметін атқаруда. Сонымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарын жаңғырту мәселелері бойынша қазіргі таңда біршама бюджеттік бағдарламалардың септігі аз емес.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. (Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің ресми сайты) (<http://mvd.gov.kz/>).
2. (Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі) [[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K040000548\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K040000548_)]
3. [[https://online.zakon.kz/m/Document/?doc\\_id=31896639](https://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=31896639)]
4. [<http://zhaksy.gov.kz/content/byudghetnaya-programma-001-uslugi-po-realizacii-gosudarstvennoy-politi/>]
5. [[https://karaganda-akimat.gov.kz/kk/upravlenie\\_3\\_5\\_8](https://karaganda-akimat.gov.kz/kk/upravlenie_3_5_8)]